

Тобы										
Кіші топқа арналған перспективалық жоспар										
Оқу жылы мен айы										
ҚАҢТАР // 2021-2022										
Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі	Денсаулық	3	Қатынас	1	Таным	2	Шығармашылық	3	Әлеумет	-
	Дене шынықтыру	3	Сөйлеуді дамыту	0,5	Сенсорика	0,5	Музыка	1,5		-
			Көркем әдебиет	0,5	Құрастыру	0,5	Сурет салу	1		-
					Жаратылыстану	1	Жапсыру	0,25		-
							Мүсіндеу	0,25		-
<b>Қыс қызығы / Зимние забавы / Winter fun // (1-апта)</b>										
Мақсаты. Балаларды қысқы ойындар түрлерімен таныстыру; қысқы ойындарға қатысу үшін қажетті киім үлгілері мен атрибуттарды таңдауға үйрету.										
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Дөңге өрмелейік". Мақсаты: балаларды тізерлеп, қолмен аяққа сүйеніп алға еңбектеуге және доға астынан еңбектеп өтуге үйрету; қол, дене, аяқ бұлшықеттерін, ептілік қабілеттерін дамыту.		Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Қуыршақ Данамен серуендеу". Мақсаты: балаларға қыс қызығы туралы түсінік беру; адамның қысқы киімдерінің атауына үйрете отырып, олардың түрлерімен таныстыру; адамның қыс мезгіліндегі тіршілік ерекшелігі жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; қыс мезгіліне деген қызығушылықтарын ояту.		Сенсорика. Тақырыбы: "Қолғап". Мақсаты: балалардың түрлі жаттығулар барысында заттарды ортақ сенсорикалық сипаты, пішіні мен түсі бойынша сәйкестендіру қабілеттерін арттыру; кез келген геометриялық пішіндер түрлерін біркелкі немесе өзге пішіндермен біріктіріп, жаңа пішін немесе бейне құрастыру тәсілдерімен таныстыру.		Музыка. Тақырыбы: "Көңілді қыс". Мақсаты: балаларды қыс туралы әнді тыңдап, сипатын ажырата білуге үйрету; әнді музыка жетекшісімен ілесе айтуға жаттықтыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топпен жасау дағдыларын қалыптастыру.			
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Біз қалай өрмелейміз?". Мақсаты: балаларды тізерлеп, қолмен аяққа сүйеніп, доға астынан еңбектеп өтуге дағдыландыру; қол, дене, аяқ бұлшықеттерін дамыту.				Жаратылыстану. Тақырыбы: "Қысқы ойынға шығайық". Мақсаты: балалардың мазмұнды сурет арқылы қысқы ойындар жөнінде ұғымдарын қалыптастыру; сурет мазмұнында аталған кейіпкерлерді байқап, атап, көрсетуге дағдыландыру; сурет тақырыбын ортақ қимыл-әрекеттер аясында бір тұтас оқиға ретінде қабылдауға үйрету.		Сурет салу. Тақырыбы: "Қысқы алашадағы қар". Мақсаты: балалардың қарындашпен сурет салу әрекетінде қолдарының ұсақ моторикасын, көзбен қардың пішіндері мен түсін қабылдауын, байқағыштығы мен зейінін дамыту; қарындашпен сурет салу техникасының негіздерін қалыптастыру; ұқыптылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу.			
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Дені саудың - жаны сау". Мақсаты: балалардың тізерлеп, қолмен аяққа сүйеніп, доға астынан еңбектеп өте білу қабілеттерін жетілдіру; шымыр, епті болуға тәрбиелеу.						Мүсіндеу. Тақырыбы: "Шырша моншақтары". Мақсаты: балаларды ермексаздың тұтас бір бөлігін алақанда айналдыра илеп, домалақ пішін жасауға үйрету; құрдастарымен ойнау арқылы жағымды эмоционалды сезімге бөлене білу қабілетін қалыптастыру.			
<b>Қардың пайдасы / Свойства снега / Properties of snow // (2-апта)</b>										
Мақсаты. Балалардың қардың негізгі (түсі ақ, ұстағанда суық, еру) қасиеттерімен таныстыру; қармен ойнауда қауіпсіздік ережелері жайында түсініктер беру.										

Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Тоңады қардан аяқтар". Мақсаты: бір орында тұрып қос аяқтап секіруге үйрету; балаларды 1 м арақашықтыққа дейін қос аяқтап секіріп жүру дағдыларына баулу; айналадағы қоршаған ортаға мейірімділікпен қарауға тәрбиелеу.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Қар". Мақсаты: балаларды Қ. Мырзалиевтің "Қар" өлеңімен таныстыра отырып, қардың табиғи қасиеттері туралы ұғым беру; балалардың тілін, ой-өрісін, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту; балалардың жыл мезгілдеріне деген қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде мәдени қарым-қатынасты сақтай білуге тәрбиелеу.	Құрастыру. Тақырыбы: "Шаңғы жолы". Мақсаты: балаларды кірпіштер кірпішті жатқызып, келесі кірпішті бірінші кірпішке қосып, екі жіңішке шаңғы жолын жасауға үйрету; екінші жіңішке жолды бірінші жолдың бағытмен құрастыру амалдарына машықтандыру; қысқы ойын түрлеріне деген қызығушылықтарын ояту.	Музыка. Тақырыбы: "Ақша қар". Мақсаты: балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; қыс мезгіліне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қыс қызығы қарда". Мақсаты: балаларды 1 м арақашықтыққа дейін қос аяқтап секіріп жүру дағдыландыру; ойындар барысында бір-біріне кедергі жасамауға ынталандыру.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Қардың қасиеті". Мақсаты: балаларды қардың қасиеттерімен таныстыру; қарды көзбен көру, саусақты тигізу және қармен ойналатын ойындарға қатысу арқылы оны жақынырақ тануға машықтау; қыс мезгілінде ойналатын ойындар кезінде тәртіп ережелерін сақтауға үйрету.	Музыка. Тақырыбы: "Ақшақармен би билейік". Мақсаты: балалардың музыканы тыңдау барысында жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білу қабілеттерін жетілдіру; қыс мезгіліне қатысты музыканың ырғағы мен сипатына сай үйлесімді қимылдарды жасауға ынталандыру.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қыста қандай ғажап". Мақсаты: балалардың 1 м арақашықтыққа дейін қос аяқтап секіріп жүру қабілеттерін жетілдіру; шымыр, епті болуға баулу.			Сурет салу. Тақырыбы: "Ақша қар". Мақсаты: балаларды бормен қысқа сызықтарды айқастырып салып "Ақша қарлар" бейнелерін бүкіл қағаз бетіне салуға үйрету; қар бейнесінің аяқталуын бақылап, дәл сондай бейне жасау қабілетін қалыптастыру; шыдамдылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	
<b>Аңдардың қысқы тіршілігі / Зима в лесу / Winter in the forest // (3-апта)</b>					
Мақсаты. Балаларға аңдардың қысқы тіршілігі жайында жалпы түсініктер беру; аңдардың қимылдарына еліктеуге ынталандыру; аңдардың ормандағы тіршілігін бақылауға деген қызығушылықты туғызу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қысқы ормандағы аңдар". Мақсаты: балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүруге үйрету; қол, дене, аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін сақтау ептілігін дамыту.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Аю мен өтеш". Мақсаты: балаларды аю мен өтеш туралы тақпақтың мазмұнымен таныстыру; аю мен өтештің дыбыстау ерекшеліктерімен және "а" мен "ә" дыбыстарының сөз құрамында дұрыс айтылуын қадағалау; аю мен өтештің тіршілігіне қызығушылықтарын ояту.	Сенсорика. Тақырыбы: "Ормандағы қыс". Мақсаты: балалардың зейінін сұр түстің қасиетіне аудару және әртүрлі заттардың айырмашылықтарына қарамай, түсі бойынша сәйкестендіруге үйрету; заттардың ұқсас қасиеттерін табуға және екі түрлі топтамаға аталған қасиеті бойынша бөліп алуға дағдыландыру.	Музыка. Тақырыбы: "Сұр көжек". Мақсаты: балаларды музыканы тыңдай отырып, жоғары және төмен дыбыстарды ажырата білуге үйрету; музыка мен қимылды үйлесімді жасауға дағдыландыру; қыс мезгілінде жануарларға деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Орман аңдарының іздері". Мақсаты: балаларды еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүруге дағдыландыру; дене тепе-теңдігін сақтау ептілігіне баулу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.		Жаратылыстану. Тақырыбы: "Қысқы ормандағы аңдар". Мақсаты: балаларды жабайы аңдардың қысқы ормандағы тіршілік ерекшелігімен таныстыру; әр жабайы аң туралы қысқаша түсінік бере отырып, олардан қорғану ережелеріне үйрету; жабайы аңдардың қысқы тіршілігіне деген қызығушылықты ояту және қамқорлыққа тәрбиелеу.	Сурет салу. Тақырыбы: "Түлкі іздері". Мақсаты: балалардың қарындашпен сурет салу техникасының негіздерін қалыптастыру; ересекпен ортақ ойынға белсенді қатысу қабілеттерін қалыптастыру; аңдардың қысқы тіршілігіне деген қызығушылық қалыптастыру; ұқыптылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеу.	

	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қай аңның ізі?". Мақсаты: балалардың еңіс тақтайдың үстімен жоғары және төмен жүру қабілеттерін жетілдіру; ойындар барысында епті және зерек болуға, жағымды эмоцияларға бөлене білуге ынталандыру.</p>		<p>Жапсыру. Тақырыбы: "Қоян". Мақсаты: балаларды дайын аяқталмаған қоян бейнесін (басы мен денесін) сопақша және домалақ пішіндермен жапсыруға үйрету; жабайы аңдардың қысқы тіршілігіне және жапсыру іс-әрекетіне қызығушылықтарын қалыптастыру.</p>	
<b>Қыстайтын құстар / Зимующие птицы / Wintering birds // (4-апта)</b>				
Мақсаты. Балаларға қыстайтын құстардың тіршілігі жайында жалпы түсініктер беру; қыстайтын құстардың қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ауала құстарының тіршілігін бақылауға деген қызығушылықтарды туғызу.				
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Құстарға жем шашайық". Мақсаты: балаларды допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыра білуге үйрету; қол, дене бұлшық еттерін, допты алысқа лақтыра білу ептілігін дамыту.</p>	<p>Көркем әдебиет. Тақырыбы: "'Шұбар тауық" ертегісі". Мақсаты: балаларды "Шұбар тауық" ертегісінің мазмұнымен мұқият таныстыра отырып, сұрақтарға жауап барысында білімдерін пысықтау; мазмұнға сай баяндауға деген талпынысты дамыту; үй құсының адам өміріндегі рөлі туралы ұғымдарын қалыптастыру; адам еңбегін қадірлеу сезімдеріне тәрбиелеу.</p>	<p>Құрастыру. Тақырыбы: "Жемшашар". Мақсаты: балаларға қыстайтын құстар туралы түсініктер беру; балалардың құрылыс материалдарынан пішін құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыру; құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p>	<p>Музыка. Тақырыбы: "Суық торғай". Мақсаты: балаларды әнді тыңдай отырып, сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; әннің дыбыстық ерекшелігін қабылдау қабілетін қалыптастыру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топтық шығармашылықпен еркін жасауға дағдыландыру.</p>
	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Көгершінмен ойын ойнайық". Мақсаты: балаларды допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыра білуге дағдыландыру; қол, дене бұлшық еттерін, ептілігін дамыту.</p>		<p>Жаратылыстану. Тақырыбы: "Ауладағы құстар". Мақсаты: балаларды қыстайтын құстардың түрлерімен таныстыру арқылы қарға мен торғайды ажыратуға үйрету; балалардың байқағыштығын дамыту; құстардың тіршілігіне деген қызығушылықты ояту және тірі табиғат өкілдеріне қамқорлыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Музыка. Тақырыбы: "Жем берейік уыстап". Мақсаты: балалардың әннің сипаты мен сөздік мағынасын түсіне білуге, жағымды эмоционалды жауап беруге; музыкалық-ырғақтық қимылдарды топтық шығармашылықпен еркін жасауға ынталандыру.</p>
	<p>Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Құстармен бірге ойнайық". Мақсаты: балалардың допты бастан жоғары асырып, алысқа лақтыра білу қабілеттерін жетілдіру; көзбен дәлдеуге, епті болуға, ойын желісіне белсенді қатысуға ынталандыру.</p>			<p>Сурет салу. Тақырыбы: "Құстар жем шоқиды". Мақсаты: балаларды қыстайтын құстарға қамқорлық жасау туралы ұғымдар беру; оқу қызметінде ұқыптылық пен сабырлыққа тәрбиелеу.</p>